

ӘОЖ 130.2

Қ.А. Затов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: tursumbaeva_m@mail.ru

Зайырлы мемлекет және дін

Мақалада қазіргі заманғы зайырлы мемлекет пен дін арақатынасының әлеуметтік-мәдени және саяси-құқықтық аспектілері қарастырылып, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды жетілдірудің жолдары сараланды. Зайырлылық ұғымының полисемантикалық табиғатына назар аударылып, оның мәдени-дүниетанымдық мәнінің де теориялық-тәжірибелік маңыздылығы айқындалды. Зайырлы мемлекеттегі діннің азаматтық қоғам институты ретіндегі орны мен маңызы жан-жақты талқыланды. Азаматтық қоғамның белсенді субъектілері ретіндегі діни бірлестіктер мен ұйымдар қызметінің құқықтық-заңнамалық негізде жүзеге асуы қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуіне зор ықпал ететіндігіне назар аударылды. Құқықтық мәдениет пен сананың діндарлар бойында тамыр жаюы, әртүрлі дүниетанымдық ұстанымдағы азаматтардың өзара түсіністігі мен тағаттылығы, өзара құрметі мен сабырлы сұхбаты – қоғамның кемелденуінің алғышарты. Зайырлы мемлекетте діни құндылықтарды ұстанатын азаматтардың құқықтарының қамтамасыз етілуі маңызды, бұл азаматтық бірегейлікті қалыптастырып, осы санаттағы азаматтардың потенциалын қоғам мен мемлекеттің дамуына жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: зайырлылық, дін, діни қатынастар, зайырлы мемлекет, толеранттылық, сұхбат, мемлекеттік-конфессионалдық қатынас.

K. A. Zatov

Secular state and religion

In article it is analyzed welfare and political-legal aspects of interaction of the secular state and religion, ways of improvement state and confessional the relation in the Republic of Kazakhstan. The author focusing attention to the polysemantic nature of concept of good breeding, defines its cultural and world outlook and teoretiko-practical importance. The religion role as institute of civil society is analyzed. The author shining history formation of the secular state, conceptualizes its role in legal regulation confessional the relation. Focuses attention on formation of legal culture and sense of justice of believers as understanding by citizens of the country believing will promote its strengthening and prosperity. The state and religious associations have to make all efforts to formation at believers of respect legislative and legal establishment. Observance and respect of the Constitution of the country and its laws is the guarantor of tolerance and peaceful co-existence various religion.

Keywords: good breeding, religion, confessional relations, secular state, dialogue, state and confessional relations.

К.А. Затов

Светское государство и религия

В статье анализируются социально-культурные и политические-правовые аспекты взаимодействия светского государства и религии, способы совершенствования государственно-конфессиональных отношения в Республике Казахстан. Автор, акцентируя внимание на полисемантическую природу понятия светскости, определяет ее культурно-мировоззренческую и теоретико-практическую значимость. Анализируется роль религии как института гражданского общества. Автор, освещая историю становление светского государства, концептуализирует ее роль в правовом регулировании конфессиональных отношения. Акцентирует внимание на формировании правовой культуры и правосознания верующих, так как осознания верующими себя гражданами страны будет способствовать ее укреплению и процветанию. Государство и религиозные объединения должны прилагать все усилия на формирование у верующих уважительного отношения законодательно-правовых установлении. Соблюдение и уважение Конституции страны и ее законов является гарантом толерантности и мирного сосуществования различных вероисповеданий.

Ключевые слова: светскость, религия, конфессиональные отношения, светское государство, диалог, государственно-конфессиональные отношения.

Зайырлы мемлекет пен дінарақатынасы, қазіргі қоғамдағы діннің орны мен рөлі тәуелсіздігін жариялаған Орталық Азия мемлекеттері үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Орталық Азия мемлекеттерінің Конституцияларында олардың зайырлы сипаты айқын көрініс тапты. Бұл конституциялық норма осы мемлекеттердің азаматтарының басым көпшілігі тарапынан қолдауға ие болды. Тәуелсіздіктен соң билікке келген осы елдердегі саяси элита кеңестік коммунистік партия мен комсомолдың сүзгісі мен мектебінен өткен еді. Сонымен қатар, қоғамда үстемдік етіп келген дүниетаным мен құндылықтар жүйесі де мемлекет зайырлы сипатта болуы керек деген көзқарасқа күмән келтірмеді. Яғни мемлекеттің зайырлы сипаты азаматтардың қоғамдық сұраныстарына сай келді. Сонымен бірге, Орталық Азияның байырғы халықтарының өз мәдениеті мен дәстүріне, тілі мен дініне деген құрметі мен құлшынысы артты. Себебі, халықтардың өз тарихы мен тегін тануға қойылып келген шектеулер жойылды. Кеңестік дәуірдегі «формасы ұлттық мазмұны социалистік мәдениетті» қалыптастыру, әлеуметтік болмысы әртүрлі халықтардың арасындағы ерекшеліктерді ескермей, көптүрлілікті бірегейлендіруге бағытталған саясат КСРО халықтарының ұлттық мүдделерін шынайы жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. КСРО-дағы ар-ұждан бостандығы туралы Конституциялық норма тек қағаз жүзінде қалды, ал іс жүзінде дін надандықтың сарқыншағы саналып, халықты діннің ықпалынан арылту коммунистік тәрбиенің басты бағыттарының біріне айналды. Сөйтіп, тоталитарлық жүйе діннің қоғамдағы рөлі мен орнын дұрыс бағалап, оның өз қызметін атқаруына мүмкіндік бермеді. Мемлекет діни ұйымдардың қызметіне араласып, оларға өз бақылауын орнатуға талпынды. Тәуелсіздік алғаннан соң Орталық Азия мемлекеттері – «Діни наным-сенім бостандығы және діни бірлестіктер» туралы заңдарын қабылдады. Осы заңға сай діни бірлестіктер өз қызметін ашық және жариялы жүргізуге мүмкіндік алды. Бірақ, «дінмен бүкіл халықтық күрестің» кеңестік салдары халықтардың рухани өмірінде терең жара қалдырған еді. Өкінішке орай, ғасырлар бойы халықтың діни білімі мен санасын дәстүрлі ислам іліміне сай қалыптастырып келген мешіт-медреселер мен басқа да білім ошақтары жабылды немесе өз қызметін халық сұранысына сай дәрежеде жүргізе алмады. Орталық Азиядағы

мұсылмандық зиялылық дәстүрі үзіліп қалды. Дін мен дәстүр мәселесінде оң мен солды ажыратып, халықтың даналығы мен білімділігінің көзі болған қариялар дүниеден озды. Алайда, халықтың тарихи-рухани тамырларына, соның ішінде дінге деген қызығушылығы мен ұмтылысы зор еді. Бұл діни қатынастар саласындағы негізгі қайшылықтардың бірі болды. Діни білімдер саласын терең меңгерген зиялы қауымның болмауы ақ пен қараны, ақиқат пен адасуды аңғаруға кедергі келтірді.

Дінмен күресті және атеистік тәрбиені мемлекеттік идеологияның басым бағыттарының бірі ретінде қарастыру, дінді ерте ме кеш пе өз мүмкіндігін сарқитын әлеуметтік институт деп санау мемлекет пен дін, діни қатынастар және діни шиеленістер мен қақтығыстарды реттейтін, алдын алатын мамандардың тапшылығын туындатты. Сонымен қатар, діннің қоғамдағы орны мен рөлін объективті бағамдайтын ғылыми әлеуметтанулық-дінтанулық зерттеулердің жүргізілмеуі діни жағдайды дер кезінде талдап, оның кері ықпалдарын залалсыздандыруға мүмкіндік бермеді.

Қоғамдық өмірдің басқа салалары тәрізді рухани сала, соның ішінде аса күрделі дін саласы да терең ғылыми зерттеулер мен реттеуді қажет етеді. Сондықтан мемлекеттің зайырлы сипаты осы саладағы өзекті мәселелерді асқындырып алмай, ықтималды әрі тиімді шешу жолдарын қарастыруда белсенді рөл атқаруын да қамтиды. Бірақ аталған мәселелерді оңтайлы шешу орын алып отырған құбылыстарды ұғымдық-категориялық тұрғыдан талдауды талап етеді. Біз зайырлық, діндарлық және тағы да басқа ұғымдарды қолданғанда оларға қандай мән-мағына береміз, қандай мазмұнда қолданамыз осы мәселені анықтап алуда маңызды.

Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде құқықтану мен дінтану ғылымдарының күрделі категорияларының бірі – зайырлық. Зайырлық принципі қазіргі заманғы көптеген елдердің құқықтық мемлекеттердің ретінде қалыптасып, әрекет етуінің басты принциптерінің бірі болып табылады. Соған қарамастан зайырлық жан-жақты толық анықталмаған ұғым. Осы ұғымның мазмұндық мағынасының айқындалмағаны әртүрлі пікірталастарға әкеп соғады. Біз қарастырып отырған мәселе төңірегінде «зайырлық» пен «дінилік» ұғымдарының арақатынасы маңызды. Ресей зерттеушісі И.В. Понкин атап көрсеткендей,

зайырлық термині мемлекет пен діни бірлестіктер арақатынасына қатысты көп қолданылады. Мемлекеттің зайырлы сипаты, мемлекеттік және муниципальдық білім берудің зайырлы мазмұны туралы қоғамдық және ғылыми пікір-таластар карама-қарсы көзқарастардың бар екенін көрсетеді [1]. Біреулер зайырлықты мемлекеттің діннен бөлінгенін, соған сай мемлекеттік қызмет пен білім берудің діни нышандар мен мазмұннан еркін екенін алға тартады. Басқалары зайырлықты азаматтардың конституциялық құқықтарын, соның ішінде діни бостандықтарын қамтамасыз ету ретінде бағалайды. Мемлекеттің зайырлы сипатын түсіндірудегі осындай алуан түрлілік зайырлық ұғымының сырт қарағандағы анықтылығының түптеп келгенде соншалықты күрделі екенін аңғартады. Біз зайырлықтың күрделі ұғым екенін ескере отырып, оны бірнеше аспектіде қарастыруға болатынын алға тартамыз. Бірінші дүниетанымдық тұрғыдан, зайырлық діни дүниетанымнан өзгеше принциптер мен ұстанымдарға негізделетін көзқарастар жүйесі. Бұл тұрғыда зайырлы дүниетанымның қалыптасуындағы ғылыми білімдер жүйесі маңызды рөл атқаруы мүмкін. Алайда, ғылыми таным зайырлы дүниетанымның маңызды элементі болғанымен, оның мазмұнын толық қамтымайды. Екіншіден, зайырлық ерекше құндылықтар жүйесі ретінде де қарастылуы мүмкін. Зайырлық мәдени құндылықты феномен ретінде ойлау мәнері мен машықтарынан бастап киім үлгілеріне дейінгі мәдени феномендерді қамтиды. Үшінші саяси-құқықтық тұрғыдан, зайырлық мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қатынастарды реттеудің діни құқық нормаларынан ажыратылғанын білдіреді. Мемлекеттің зайырлы сипаты оның діннен ажыратылғанымен ғана емес, сонымен қатар атеистік дүниетанымның және басқа да бір дүниетанымның басымдылығын мойындамайтынымен де сипатталады.

Зайырлы мемлекет еуропалық өркениеттің жаңа заманғы туындысы. Оның негізінде екі үдеріс жатты. Біріншісі – секуляризация, екіншісі – еуропалық Қайта өркендеудің басты идеясы – гуманизм және антропоцентризм. Еуропалық адамның санасында төңкеріс жасаған бұл идея Қайта өркендеу дәуірінің атақты ойшылдарының бірі Пико делла Мирандолланың «Адамның абыройы туралы сөздер» еңбегіндегі: «Басқа жаратылғандардың бейнелері біз белгілеген заңдар шектерімен айқындалады. Ал, сен Адам, ешқандай шектермен қысылған жоқсың, сен

өз бейнеңді өзің шешесің. Мен сені әлемде не барлығын ыңғайлы бағдарлау үшін дүниенің ортасына қоямын» деген көзқарасында айқын көрініс тапты [2]. Яғни өз тағдырын өзі айқындау адамға Жаратушыдан берілген сый. Бұл идея Жаңа заман ойшылдары тарапынан қызу қолдауға ие болды. Монтескье, Гоббс, Локк, Кант, Дидро, Руссо, Вольтер сияқты ойшылдар діннің әлеуметтік табиғатын ашып, оның тылсым дүниемен емес, қоғамдық өмірдегі қызметі мен маңызын талдауды мақсат етті.

Зайырлы мемлекет идеясы құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам тұжырымдары аясында кеңінен қарастырылды. Буржуазиялық мемлекет бірінші кезекте, өз азаматтары арасында тағаттылық пен тыныштықты қамтамасыз етуге мүдделі еді. Себебі, экономикалық жетістікке тек қоғамдық келісім мен бейбітшілік жағдайында ғана қол жеткізу мүмкін болды. Сонымен қатар, Еуропа елдерінде осындай көзқарастарды негіздейтін дүниетаным түрі де қалыптасты. Ол деизм деген атауға ие болды. Бұл дүниетаным табиғат пен әлем Құдайдың туындысы, яғни оның жасампаздық әрекетінің салдары болғанымен, Құдай әрдайым оның ішкі заңдылықтарына араласпайды. Бұл жаратылған дүние жаратылыс актісінен кейін өз заңдылықтарына сай дамиды дегенді білдіреді.

Еуропалық Жаңа заман ойшылдары діннің мемлекет істері мен саясаттағы ықпалын шектеуді қолдағанымен, оның қоғамдық өмір үшін қажеттілігін теріске шығармады. Шарль Луи Монтескье «Құдіретті және адами заңдар» туралы жаза келіп, «Дегенмен, қоғам үшін тұрақты бір нәрсенің болғаны қажет; тұрлаусыз дүниенің бір тұрағы – дін» деп атап көрсетеді [3].

Қазіргі позитивизмнің негізін О.Конт діннің құлдырауы әлеуметтік қатынастардың ыдырауы қауыпын туғызатынын айтып кеткен еді. Алайда, позитивистік рухта ол болашақта діннің орнын ғылым басады, сондықтан дінге деген қажеттілікте жойылады деген көзқараста болды. Бірақ өмір ағымы О.Конттың алғашқы айтылған қауыпының шындыққа жақындығын айғақтаса, ғылымға деген үмітінің орындалмағанын аңғартты.

Неміс классикалық философиясының негізін салшы И. Кантта теориялық тұрғыдан Құдай идеясын рационалды танудың мүмкін еместігін алға тартқанымен, практикалық тұрғыдан, яғни қоғамдық өмір үшін діннің қажеттілігін

мойындайды. Сонымен қатар, Кант этикалық қауымдастық пен саяси қауымдастықты ажыратады. Этикалық қауымдастық игілік заңдылықтарына мойынсұнса, саяси қауымдастық көпшілік құқықтық заңдарына бағынады. Бірінші жағдайда, адам игілік заңдылықтарына мойынсұнуды ерікті түрде таңдаса, екінші жағдайда мәжбүрлеу орын алады. Кант адам статутарлық және моральдық сенім мен дінді ажырата отырып, адамның сенім мен дінге мәжбүрлеудің немесе дәстүрдің ықпалымен емес, моральдық таным негізінде келгенін қалайды.

Сөйтіп, ХУІІІ ғасырдың басында зайырлы мемлекет тұжырымдамасының алғышарттары қалыптасты. Адамдардың табиғатынан туындайтын құқықтары мен бостандықтары және сондай-ақ міндеттемелері болады, олар қоғамдық заңдардың мәні мен мазмұнын, сипатын анықтайды. Зайырлы мемлекеттің конституциялық нормалары мен заңдары діни негіздеуді қажет етпейді. Зайырлы мемлекет ар-ұждан және діни наным-сенім бостандығы принципін сәйкес азаматтарының діни тиесілігіне немесе дүниетанымдық ерекшелігіне карамастан қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуын қамтамасыз етеді.

Алайда, бұл мұраттар Еуропа елдерінің заңнамалық актілерінде бірден көрініс таба қойған жоқ. Идея мен оның әлеуметтік шындықта енуінің арасында ұзақ жылдар мен бірнеше ғасырлар жатты. Қазіргі халықаралық құқықта қалыптасқан діни наным-сенім бостандығының либеральдық түсінігі – батыс елдерінің мемлекеттік-құқықтық эволюциясының ұзақ дамуының нәтижесі. Өз мемлекеттерінің ұлттық мүдделерін басшылыққа алған бірқатар елдер өз заңнамаларында діни наным-сенім бостандығына белгілі бір шектеулер қойып келді. Мәселен, 1689 жылы тағаттылық туралы Актіні қабылдаған Ұлыбританияда католиктердің діни наным-сенімдері мен азаматтық құқықтары 1832 жылға дейін шектеліп келді, тек 1974 жылы ғана католицизмді ұстанатын тұлғалар жоғарғы мемлекеттік лауазымдарға тағайындалу құқына ие болды. Ал Испаниядағы католик емес испандықтарға қойылған діни наным-сенім шектеулері Франко қайтыс болғаннан соң, 1975 жылы ғана алынып тасталды [4].

Қазіргі әлемдік тәжірибеде мемлекет пен дін қарым-қатынасының екі типі кең таралған. Біріншісіне сәйкес, мемлекет діннен ажыратылған, екіншісінде мемлекеттегі белгілі

бір дінге (дәлірек айтсақ, конфессияға немесе діни ұйымға) басымдылық немесе мемлекеттік мәртебе беріледі. Мемлекеттік мәртебесіне ие болған дінге (конфессияға немесе діни ұйым) бірқатар ерекшеліктер тән. Мәселен, мұндай дін меншік иелену немесе заңды тұлға құқына ие, сонымен қатар, мемлекет дінге қаржылық немесе басқада материалдық қолдау көрсетеді, дінге бірқатар заңды өкілеттіліктен беріледі (неке кию, азаматтық хал-жағдайды тіркеу және т.б.), жастар мен балаларды тәрбиелеу ісіне белсенді араласу, кейбір елдерде діни қызметкерлер саясатқа араласу мүмкіндігіне ие болады.

Діннің мемлекеттен ажыратылған сипатына сәйкес, мемлекет дін істеріне араласудан бас тартады. Барлық діндер мемлекетте тең құқылы және олардың бәріне бірдей талаптар қойылады. Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпайды (заң бұзылмаған жағдайда), өз кезегінде діни бірлестіктер мемлекеттік қызметтерді атқармайды. Конфессиялық ерекшеліктер мемлекет тарапынан көмек немесе қолдау көрсетуге негіз болып табылмайды. Мұндай қатынас түрін сепарационалдық деп атайды. Ресей зерттеушілерінің пайымдауынша, бұл қатынас түрі АҚШ-тың заңнамаларында баянды көрініс тапқан.

Діни қатынастарды құқықтық реттеудің екінші түрі Еуропа елдерінде кең таралаған. Оны дифференциациялық түрі деп атайды. Бұл мемлекеттің діни бірлестіктерге қатынасының әртүрлілігін қамтиды. Еуропалық үлгіде адамның наным-сенім бостандықтарына шектеу қойылмайды, алайда мемлекеттегі діни бірлестіктердің мәртебесі бірдей емес. Діни бірлестіктердің мәртебесін реттеудің дифференциациялық түрі мемлекет пен конфессиялық қарым-қатынастың кооперациялық үлгісінің қалыптасуына негіз болады. Зерттеушілер осы үлгінің аясында діни бірлестіктердің құқықтық қалпының үш түрі болатынын атап көрсетеді. Олар: мемлекеттік конфессия мәртебесі, келісімді (консенсуалды) мәртебе және ресми танылған конфессия мәртебесі.

Қазіргі уақытта мемлекеттік дін мәртебесі тек бірнеше Еуропа елдерінде ғана сақталып қалды. Мемлекет пен конфессиялық қарым-қатынастың кооперациялық үлгісіне сай мемлекет пен діни бірлестіктер екі жақты келісім шарт негізінде өзара әрекеттеседі. Бұл келісім шартта тараптардың барлық құқықтары мен міндеттері белгіленеді. Осындай келісім шарт негізінде

діни бірлестіктердің қоғамдық қатынастарға араласуының құқықтық ауқымы анықталады.

Мемлекет пен конфессиялық келісімдердің ішінде қарым-қатынастарды кең ауқымды реттейтін кодификациялық келісімдер мен жеке мәселелерді реттейтін келісімдер ажыратуға болады. Кодификацияланған келісімнің кең таралған үлгісі конкордат. Ол католиктік шіркеу мен тұрғындарының басым көпшілігі католиктер болып табылатын елдермен жасалады. Италия және Испания мемлекеттері мен Рим католиктік шіркеуі арасында осындай келісімдер бар. Алайда шіркеу мен мемлекет арасындағы мұндай келісімдер басқа діни бірлестіктермен, діни аз топтармен келісім жасауға кедергі келтірмейді.

Мемлекет пен конфессиялық қарым-қатынастың кооперациялық үлгісінің тағы көрінісі ресми танылған (дәстүрлі) дін мәртебесін беру. Белгілі бір конфессияны дәстүрлі деп тану оның осы елді мекендейтін халықтың рухани өміріндегі тарихи-мәдени маңызын мойындаумен байланысты. Бұл осындай діни ұйымдарға қосымша құқықтар беретін мемлекеттік заңнамада көрініс береді. Алайда, дәстүрлі дін мәртебесінің нақты мазмұны әр елде әртүрлі болуы мүмкін. Кей жағдайда, бұл заң нормасы орын алған жағдайды сипаттаумен ғана шектеледі. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңына» сай «халықтың мәдениеті мен діни өмірін дамытуда ханафи бағытындағы ислам және православтық христиан діндерінің тарихи рөлін танитыны» аталып көрсетілгенімен, бұл конфессияларға ешқандай ерекше құқықтар берілмеген.

Бірақ кейбір елдерде дәстүрлі діндерді бөліп қарастыратын заң актілерінде оның құқық салдарлары жан-жақты қарастырылған. Литва Республикасының «Діни қауымдар мен қауымдастықтар» туралы заңы мемлекеттегі тоғыз қауымдар мен қауымдастықтарды дәстүрлі деп таниды.

Діндерді дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлу олардың мемлекеттегі құқықтық мәртебесін және оларға деген қарым-қатынасты анықтайды. Кейбір елдерде тек дәстүрлі деп танылған конфессиялар ғана ғибадатханалар мен ғимраттар сала алады. Сонымен қатар діни бірлестіктер мәселен, Литва Республикасының заңнамаларына сай тек тіркелгеннен жиырма бес жыл өткеннен соң ғана мәртебесін өзгерту немесе дәстүрлі конфессия мәртебесін алуға өтініш бере алады, егер діни ұйымның бұл өтініші қанағаттандырылмаса он жылдан соң ғана қайтара өтініш түсіреді.

Бельгия корольдігінің конституциясына сәйкес алты деноминация жоғарыда аталған мәртебеге ие. Олардың қатарына католицизм, ағылшын шіркеуі, протестантизм (басқа протестанттық ағымдар), православие (гректік және орыс православтық шіркеу), иудаизм мен ислам кіреді. Аталған конфессиялардың дін қызметкерлері мемлекет тарапынан жалақы және зейнетақы алады.

Жоғарыда айтылғандардан байқайтынымыз, зайырлы мемлекеттерде діннің қоғамдағы мәртебесі заңнамалық негізде бекітілген. Мемлекет пен дін құрылымдары қоғамдағы орны олардың мәні мен мақсатына сай айқындалады. Осы тұрғыда көрнекті орыс ойшылы И.А. Ильиннің дін мен мемлекеттің арақатынасына қатысты: «Шіркеу мен мемлекет өзінің нақтылығы, рухы, мәртебесі, мақсаты мен әрекет ету тәсілдері бойынша бір-біріне жат. Шіркеудің құдіреті мен беделін өзіне таңуға талпынған мемлекет құлақ естімеген қорлыққа, күнә мен пасықтыққа жол ашады. Өзіне мемлекеттің билігі мен күш-қуатын таңуға талпынған шіркеу абыройын жоғалтып, өз мақсатынан таяды. Шіркеу сенімді орнату үшін де, діннен безген пасық пен залымды жазалау үшін де, соғыс үшін де қолына қару алмауы керек... Бұл тұрғыда шіркеу саясаттан тыс, саясаттың мақсаты оның мақсаты емес, саясаттың құралы оның құралы емес, саясаттың мәртебесі оның мәртебесі емес» деген орынды ой айтады.

Алайда мемлекет пен діннің ортақ мақсаты – адам абыройын, ар-намысын сақтау, адамгершілік нормаларының қоғамдық сана мен болмыста терең тамыр алуының алғышарттарына негіз қалау. Адамгершіліктің асыл мұраты алдымен діни қағидаттарда, кейіннен заң нормаларында көрініс тапқаны белгілі. Моральдық-этикалық ұстанымдар – діннің ажырамас бір бөлігі. Діни канондар жинағы (қасиетті ұстанымдар, ережелер) адамзат дамуының алғашқы кезеңінен бастап қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі жүйе болды. Әлемдік діндер – иудаизм, христианшылдық, буддизм, ислам қоғамның рухани және адамгершілік өміріне ғана емес, сондай-ақ құқықтық жүйелерінің дамуына да зор үлес қосты. Мысалы, христиан діні, христианшылдықтың діни моральдық канондары ұзақ уақыт бойы әлем халықтарының бір бөлігінің қоғамдық өміріне зор ықпал етті.

Библия, Құран, Талмуд сияқты қасиетті кітаптарда діни қағидаттармен қатар жалпы

адамгершілік нормалары да көрініс тапқан. Мысалы, Библиядағы Мұса уағызындағы өсиеттерде адамдардың тұрмысына қатысты қабылданған адамгершілік нормалары мен талаптары жөнінде айтылады. «Мұса заңдарында» алты күн көлемінде еңбектеніп, жетінші күні демалудың қажеттілігі, сондай-ақ ата-ананы құрметтеу, кісі өлтіруге, ұрлық жасауға, жалған куәгерлікке тыйым салу, көре алмаушылықты айыптау талаптары белгіленген.

Әлеуметтік нормалар христианшылдықтың шіркеулік және канондық құқықтарында көрініс тапты. Бұл нормалар—шіркеудің ішкі құрылымын, шіркеу ұйымдарының өзара қатынастарын, дін мен мемлекет қарым-қатынасын, сондай-ақ адам өміріндегі кейбір қатынастарды реттейді.

Діни құқықтың ерекше жүйеленген тарихи типі – ислам құқы. Исламдағы құқықтың баламасы – «фықһ», арабшадан аударғанда терең түсіну, зеректік дегенді білдіреді. Фықһ адам мен қоғам және сондай-ақ адам мен Жаратушы қатынасының кең ауқымын қамтиды. Шартты түрде «фықһ» пәнін екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, «ғибадат» адамның Жаратушымен қатынасын, Алла үкімдері мен адамның Алла алдындағы парыздарын қарастырса, екіншісі – «муғамалат» адамның қоғамдағы жүріс-тұрысын, іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын қамтиды. Қазіргі заманғы құқықтық жүйелер діни құқықтың бірқатар принциптерін мұралаған. Сондықтан адамзаттың құқықтық эволюциясы діни құқықтың жетістіктеріне де сүйенеді.

Адам мен отбасы, қоғамдық қатынастардың барлық саласын тек құқықтық нормалар немесе заңнамалар арқылы реттеу мүмкін емес. Ата-ана мен бала, туысқандық қатынастардың ауқымды бөлігі қоғамда қалыптасқан салт-дәстүрлер, діни нормалар арқылы да реттеледі.

Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметінде реттеп отырады. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының 3-бабының 5-тармағында «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп атап көрсетілген.

Қазақстанның ата заңы мен діни наным-сенім бостандығы туралы заңнамалық актілері

елімізде әрбір адамның өз ой еркіндігін, сенімін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қоғам типін қалыптастырудың қажетті құқықтық негіздерін айқындайды. Дегенмен, заңнама тек осы құқықтарды, наным – сенім бостандығы принципін жүзеге асырудың, Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде дамуының құқықтық алғышарттарын ғана жасақтайды. Бұл қағидаттардың іс жүзінде орындалуы әр түрлі дүниетаным, дін бірлестіктер және мемлекет арасындағы байсалды пікір алмасу, сұхбат барысында ғана мүмкін. Сұхбат әр түрлі тараптардың арасындағы пікір алмасудан тұрады. Сұхбаттың мазмұны оның мақсаты мен міндеттеріне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Сұхбат нақты формальды іс-шаралар: кездесулер, келіссөздер, конференциялар формасында ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай іс-шаралар қоғамдық сұраныстан туындайтын мәселелерді шешу үшін маңызды болып табылады. Бірақ қоғамдық өмірде көптеген мәдени, дүниетанымдық және құндылықты ұстанымдар кездесетіндіктен, осы қоғам интеллектуалдары мен зиялы қауымының шығармашылығы барысында дүниеге келетін идеяларды талдаудан тұратын кең мәтіндік тұрақты сұхбаттар орын алады.

Сұхбат барысында әртүрлі көзқарастар мен идеялардың арасындағы қарама-қайшылықтарының айқындалуы, бір-біріне ықпал етуі, толықтырылуы мүмкін. Дегенмен, сұхбатдың басты мақсаты – көтерілген мәселеге қатысты тараптардың позициясын анықтап, басқаны тыңдап, мәселені ұшықтырмай бейбіт жолмен шешудің алғышарттарын қарастыру. Сондықтан сұхбат оң нәтиже беру үшін оған қатысушы тараптар белгілі бір принциптерді басшылыққа алуы қажет. Бірінші шарт, сұхбат субъектілері тараптарының тең құқын мойындау. Яғни, тараптар өз пікірі мен ұстанымын басқаға таңудан, үстемдік ету мен бағыныштылық позициясында болудан сақтануы абзал. Сұхбаттың маңызды шарттарының бірі – оған қатысушының өз көзқарастарын қорғауы, яғни басқалар оның өз көзқарастарынан бас тартуға міндетті емес екенін мойындауы тиіс. Сондықтан сұхбатта өзара түсіністікке, басқаның көзқарасын сыйлауға бағытталған психологиялық ахуал өте маңызды. Сұхбат адамдарды жақындастыруға және сондай – ақ ой бөлісе отырып, мәселені жан-жақты қарастыруға, өз позициясының мүмкіндіктері мен кемшіл тұстарын болжамдауға бағытталған. Осы айтқандарымызды түйіндей отырып, сұхбатға

төмендегідей анықтама беруге болады: сұхбат – оған қатысушылардың теңдігі мен еркіндігіне негізделген, ұстанымдарды айқындауға, жақындастыруға, өзара толықтыруға бағытталған әлеуметтік қатынастың ерекше формасы. Сұхбат азаматтық қоғам мен демократиялық мемлекет арасындағы өзара қатынастың негізгі механизмі десек артық айтпаймыз. Сол арқылы мемлекет пен қоғамның бірлігі мен тұтастығы қамтамасыз етіледі. Алайда сұхбат қоғамның салауаттылығы мен өркениеттілігіне тікелей қатысты. Сондықтан ол байсалды тәрбие мен терең білімділікті талап етеді.

Енді қоғамдағы дін мәселесіне қатысты сұхбатқа қатысушылар кімдер екенін анықтап алайық. Кең мағынасында сұхбатқа Қазақстан қоғамының барлық азаматтары қатысады. Өйткені қазақстан қоғамы әр түрлі этностардан, мәдениет және дін өкілдерінен тұрады. Алайда, нақты мағынасында сұхбаттың субъектілері төмендегілер болып табылады: а) әр түрлі діни наным, ұйым, конфессия өкілдері, олардың арасында Қазақстан қоғамындағы орны мен рөлі төңірегінде әлеуметтік қатынастар мен өзара әрекеттесулер орын алады; б) сұхбаттың субъектілері бір жағынан әр түрлі діни бірлестіктер, екінші жағынан өкілетті органдар ретіндегі мемлекет болып табылады; в) Қазақстан қоғамы тұтастай әр түрлі діни сенімдегі адамдар мен топтардан тұрмайды. Қоғамның белгілі бір бөлігі діни сенімді қабылдамайтындар мен атеистерден тұрады. Сондықтан сұхбаттың тағы да бір субъектілері өкілетті органдар ретіндегі мемлекет және діни сенімді қабылдамайтын азаматтар мен атеистер болып табылады; г) сұхбаттың келесі субъектілері – діни ұйымдар ретіндегі дінге сенушілер мен діни сенімді қабылдамайтын азаматтар мен атеистер. Сұхбаттың мақсаты не дейтін болсақ, мақсат – Қазақстанды дамыту, елімізде демократия мен әділеттілікке негізделген азаматтық қоғамды қалыптастыру, қоғамда басқа дүниетанымдық ұстанымдарды және адамдардың рухани – адамгершілік бағдарларын жүзеге асыру құқын сыйлау және оған тағаттылықпен қарау ахуалын қамтамасыз ету.

Осы бағытта еліміздегі дәстүрлі діндердің әлеуметтік үйлесімділікті сақтаудағы әлеуетін, еліміздің бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз етудегі мүмкіндіктерін ұтымды жүзеге асыра білудің маңызы зор болмақ. Еліміздегі әр түрлі діни бірлестіктер түрлі мәселелер бойынша, соның ішінде сенім негіздері төңірегінде пікір

алмасуды жүзеге асыра алады. Бұл да қоғамдағы тыныштықты сақтауға оң ықпал етуі мүмкін. Алайда, біз ар-ұждан бостандығы және Қазақстан мемлекетінің зайырлы сипаты принциптерін жүзеге асыруға бағытталған сұхбатқа басты назар аударуымыз қажет. Діндердің қоғам өміріндегі орны мен маңызын мойындай отырып, бір діни сенімнің басқалардан артықшылғы мен ерекшелігін дәріптеуіне, өзін басқалардан жоғары қоюына жол бермеуге тиіспіз. Сондай-ақ, қоғамның ішкі бірлігіне нұқсан келтіріп, ыдыратуға бағытталған тенденциялардың да алдын алатын шараларды жүзеге асыруымыз керек. Бұл бағыттағы маңызды шара – Қазақстан халықтарының дәстүрлі мәдениетін, салт-дәстүрлерін, тарихын, рухани дамуында ерекше орын алған тұлғаларының шығармашылығын, осындай дәстүрге негізделген бірлік пен елдікті кеңінен насихаттау. Діни бірлестіктердің өкілетті органдар ретіндегі мемлекетпен сұхбатының мақсаты – барлық діни ұйымдардың заңнамалық және құқықтық теңдігін іс жүзінде қамтамасыз ету, олардың діни әдет-ғұрыптарын, рәсімдерін орындауына, өз діни нанымдарының негіздерін оқып-үйретуге мүмкіндіктер жасау. Дегенмен, мемлекеттің зайырлы сипаты мемлекеттің билік құрылымдары өздерінің жекеленген мүдделері үшін діни бірлестіктерді, діни бірлестіктер мемлекеттің билік құрылымдарын пайдалануға талпынбаған жағдайда қамтамасыз етілетінін естен шығармаған жөн. Сонымен қатар, мемлекеттің діни сенімдегі адамдардың дүниетанымдық және адамгершілік ұстанымдарын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер беретін заңнамалық актілерді қабылдайтындығын атап өткеніміз де абзал. Бұл бір жағынан, олардың толыққанды еркін азаматтар ретінде әрекет етуін, өздерінің азаматтық құқықтарын жүзеге асыруын қамтамасыз етсе, екінші жағынан Қазақстан Республикасының рухани өрлеуіне өз үлестерін қосуға мүмкіндік береді. Қазіргі Қазақстан жағдайында ұлттық және азаматтық бірліктің маңызы өте зор.

Яғни, әрбір азамат шыққан тегі мен діни нанымына қарамастан өзінің тағдыры мен болашағының Қазақстан елі және мемлекетімен тығыз байланысты екенін терең түсіне білуі қажет. Дәстүрлі және әлемдік діндер мен діни бірлестіктердің көп ғасырлық тәжірибесі, сұрыпталған құндылықтары мен білімі, діни дәстүр мен тәжірибені жүзеге асыра алатын білгір мамандары мен дағдылары бар екенін естен

шығаруға болмайды және осы әлеуетті мемлекет қоғамның рухани кемелін арттыруға тиімді қолдануы тиіс. Қоғамда рухани құндылықтар мен идеалдар, адамгершілік бастаулар туралы жиі айтылып, олардың мазмұны БАҚ беттерінде жарияланып тұрса, сол арқылы олар қоғамдық санаға еніп, руханилыққа деген сұранысты тудырады. Діни бірлестіктер мен діндар адамдар қоғам мен жеке тұлғаның өмірлік ұстанымдары мен дүниетанымын өзгертуге, тұтынушылық психологиядан арылып, рухани ізденуін қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл өз кезегінде мемлекеттегі тұрақтылықты, әлеуметтік серіктестікті жетілдіріп, қылмыскерлікті құрықтауға ықпалын тигізеді сөзсіз. Діни бірлестіктердің қоғамдық өмірге етене араласуының бір бағыты – қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру. Бұл әрекет аумағында діни бірлестіктер бейбітшілікті сақтауға, мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге, әлеуметтік қорғалмаған топтарға немесе әр түрлі стихиялық жағдайлардан зардап шеккендерге көмектесе алады. Бұл қоғамдағы рухани-адамгершілік ахуалды жақсартып, әлеуметтік қатынастарды үйлесімді дамытуға мүмкіндік береді.

Себебі, адамдар басқаға қол ұшын беру, жанашырлық таныту сияқты гуманистік принциптердің қалай іске асатынына тікелей куә болады. Бірақ ескере кететін бір жайт, діни бірлестіктер бұл саладағы мемлекеттік функцияларды атқармауы және өздерінің қайырымдылық шараларын діни ілімдерін таратуға пайдаланбауы керек. Қазіргі заманда барлық адамдардың діни сенімде болуы және діни ілімдер мен ондағы құндылықтарды бөлісуі шарт емес. Сондықтан «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңда атап көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар кез-келген дінді ұстануға немесе ешқайсысын ұстанбауға құқықты. Діни сенімді ұстанбайтын адамдардың өкілетті органдар ретіндегі мемлекетпен сұхбаты, ең алдымен, діни сенімді ұстанбайтын адамдардың өз дүниетанымдық позицияларын ұстануын қамтамасыз ететін конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталуы тиіс. Заң шығарушы және билік құрылымдары арқылы мемлекет діни сенімді ұстанбайтын адамдардың адамгершілік ұстанымдарын жүзеге асыруына және өз балаларын түрлі ұйымдардың ықпалынсыз тәрбиелеп, білім алуына жағдай жасайды. Яғни, мемлекет кез-келген діннің жеке адамның өзінің қалауынсыз

тұрмысы мен өміріне араласуына жол бермейді. Өз кезегінде діни сенімді ұстанбайтын адамдар мемлекеттік құрылымдарды дінмен күрес үшін қолданбауы керек. Қоғамдық дамудағы секуляры сананың жетістіктері де адамзат игілігіне қызмет етіп келгені белгілі. Рухани байлық пен прогресс туралы айтқанда осы салада жинақталған бай мұраның оң ықпалы да назардан тыс қалмағаны жөн.

Сұхбаттың маңызды тараптары діни бірлестіктер мен ұйымдарға кіретін немесе кірмейтін діни сенімдегілер мен діни сенімді ұстанбайтындар болып табылады. Бұл жердегі негізгі мәселе – өзге дүниетаным мен сенімді дұрыс бағалап, қабылдаудың алғышарттарын қалыптастыру, санада тұрақталып қалған біржақты стереотиптерден арылу. Дінге иланбайтындар дінді қоғамның дамуына кері ықпал ететін реакцияшыл күш, «сананы улайтын апын» деп қарастыратын, діндарлардың сеніміне нұқсан келтіретін көзқарастардан алыс болғаны абзал. Ал діни сенімдегі адамдар атеизмге деген көзқарастарын өзгертіп, идеология ретіндегі атеизм мен өз көзқарастарында тылсым күш идеясына орын бермейтін және дүние суреттемесінде ғылыми негіздерді басшылыққа алатын дүниетанымдық позиция ретіндегі атеизмді ажырата білуі тиіс. Сонымен қатар, діни сенімдегі адамдар Құдайға деген сенімсіз адамгершіліктің болуы мүмкін емес деген ұстанымнан бас тартып, адамгершіліктің діннен тыс негіздерінің де болатындығына құрмет қарауы керек.

Дінге сенбеу рухани құндылықтардың маңыздылығын жоққа шығару болып табылмайды. Бұл мәселеде көп нәрсе адамның білімі мен тәрбиесінің сипатына байланысты болмақ. Дінге сенетіндер мен сенбейтіндердің айырмашылығы олардың адам өміріндегі рухани құндылықтарды мойындауында немесе мойындамауында емес, осы құндылықтарды қалай түсінетіндігі мен түсіндіретіндігінде. Сондықтан, оларды түйістіретін құндылықты ұстанымдардың әлдебір ортақ негіздерін анықтап алған абзал. Біздің пікірімізше, гуманистік құндылықтар осындай ортақ негіз бола алады. Республикамызда жүргізілген әлеуметтік зерттеулер де осыны айғақтайды. «Құдайға сенушілер мен атеистер ортақ тіл тауып, гуманизм, толеранттылық және басқа да жалпы адамзаттық құндылықтар принципі негізінде өзіндік ерекше қоғамдық келісім – шартқа келуі мүмкін» [5]. Гуманистік құндылықтар адам өмірі мен бостандығын,

оның өзін шындықта жүзеге асыру, қоғамдық игіліктерді өндіру мен тұтыну құқын қамтиды. Яғни, түрлі дүниетаным мен сенімді ұстанатын адамдар ең негізгі құндылықтың осылар екендігін мойындап, өз әрекеттерінде соларды басшылыққа алса ғана олардың арасында өзара сұхбат мен ынтымақтастық, серіктестік қатынастар орнығады. Мемлекет осындай қатынастарды жүзеге асырудың механизмдерін, саяси-әлеуметтік және құқықтық алғышарттарын қалыптастырады. Жоғарыда қарастырылған мәселелер еліміздегі мемлекет пен дін, зайырлы қоғам арасындағы қарым-қатынастарды үйлесімді дамытып, әлеуметтік тұрақтылық пен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес қосады деп ойлаймыз.

Көріп отырағанымыздай, зиялылық түсінігінің ауқымы кең. Зиялылық пен мемлекеттің зиялы сипаты дінді теріске шығармайды. Қазіргі заманғы зиялылық ең алдымен гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ұждан және наным-сенім бостандығын еркін жүзеге асыруды қамтиды. Зиялылық діни дүниетаным мен құндылықтарды мойындамауды немесе олардың қоғам мен мемлекет өміріндегі рөлі мен маңызын кемсітуді білдірмейді. Зиялылық әр адамның дүниетанымдық еркіндігін құптай отырып, қоғамның рухани саласындағы ой-

сананың көптүрлілігін мойындау. Ал зиялы мемлекет осы көптүрліліктер арасындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді. Мемлекеттің зиялы сипаты азаматтық қоғам субъектілерінің заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін осы құқықтық, заңнамалық шеңберде жүзеге асыруын талап етеді. Мемлекет пен қоғам үшін діни алауыздық пен тағатсыздықтың өршуі қаншалықты қауіпті болса, заңдардың, адам құқықтары мен бостандықтарының аяққа басылуы да соншалықты қауіп туғызады. Бірінші жағдай діни фанатизмді туындатса, екінші жағдайда құқықтық нигилизм өріс алады. Сұхбатқа, өзараынтымақтастық пен түсіністікке негізделетін зиялылық және заңдылық пен құқыққа негізделетін зайырлы мемлекеттілік аталған қауіптерден арылуға мүмкіндіктер ашады.

Әрине, бұл бір күннің ішінде немесе бір заңның аясында жүзеге аспайды. Қоғам осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін жүйелі жұмыс жасауы қажет. Құқықтық мәдениет пен гуманистік руханилықты қалыптастыру, дамыту еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты стратегиялық бағыттарының бірі ретінде бағаланып, қазақстандықтардың азаматтық санасында ұялануы қажет. Бүгінгі күннің ауырда, абыройлы міндеттерінің бірі осы.

Әдебиеттер

- 1 Понкин И.В. Светскость государства. – М. 2004, 10 б.
- 2 История эстетической мысли. – М., 1985. 149-150 б.
- 3 Monteskye Sh. Заңдар рухы туралы / ауд. А. Құлсариева. – Алматы: Үш Қиян, 2004.-532 б.
- 4 Религия и закон: Конституционно-правовые основы свободы совести, вероисповедания и деятельности религиозных организации: Сборник правовых актов. М., Институт религии и права, 1996. 29 б.
- 5 Қазақстан этностарына діни ұйымдардың ықпалы – Алматы, 2008, 45 б.
- 6 Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңы». 11- қазан 2011.
- 7 World Christian Encyclopedia. 2nd edition. A comparative survey of churches and religions in the modern world. Oxford University Press. 2001.
- 8 Written Declaration on Religious Right and Freedom in France and throughout the European Union.-Human Rights without Frontiers. 9 March 2005. Информация на сайте <http://www.hrwf.net>

References

- 1 Ponkyn I.V. Svetskost gosudarstva. M. 2004, 10
- 2 Ystoria estetisheskoy mysli. – M., 1985. 149-150 б.
- 3 Monteskye Sh. Zandar ruhy turaly / aud. A. Kulsarieva. – Almaty: Ush Kian, 2004.-532 б.
- 4 Religia i zakon: Konstitusionno-pravovye osnovy svobody sovesty, veroispovedanya i deyatelnosty religioznyh organizazhy: Sbornik pravovyh aktov. M.: Institut religy i prava, 1996. s. 29.]
- 5 Kazakhstan etnostaryna diny uimdarkyn ikpaly – Almaty, 2008, 45 б.
- 6 Kazakhstan Respublicasyynyn “Diny kyzmet zhane diny birlestykter turaly zany”. 11 kazan 2011.
- 7 World Christian Encyclopedia. 2nd edition. A comparative survey of churches and religions in the modern world. Oxford University Press. 2001.
- 8 Written Declaration on Religious Right and Freedom in France and throughout the European Union.-Human Rights without Frontiers. 9 March 2005. Информация на сайте <http://www.hrwf.net>